



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, проанализировав данные примеры можно прийти к выводу, что в переводе фразеологизмов используются самые разнообразные методы. В первую очередь, необходимо знать и любить язык, через который познается мир. Фразеологизмы помогают распознать внутренний мир человека, раскрыть национальные особенности, нравственно-культурные ценности. Они свидетельствуют о культуре и истории народа, имеют национальный характер. При переводе эти особенности обязательно должны учитываться.

Список использованных источников

1. Универсальный англо-русский словарь. [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://universal_en_ru.academic.ru (дата обращения: 01 марта 2015 г.).
2. Денмухаметова Э.Н. Фразеологическая синонимия в татарской прозе // Ученые записки Казанского Государственного Университета. Том 150, кн. 8 Гуманитарные науки 2008. – С. 111-115.
3. Татарстан. [Электронный ресурс]. Режим доступа: wikipedia.org/wiki/Татарстан (дата обращения: 20 марта 2015 года).
4. Сафиуллина Ф.С. Татарча-русча фразеологик сүзлек. – Казан: Мәгариф, 2001. – 335 б.
5. Саттарова М.Р. Религиозная культура в зеркале языка // Филология и культура. – 2014. - № 4 (38). – С. 184-188.

ӨОЖ 81,25

ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫ АУДАРМАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Ерболова Акнур Ерболкызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б.Н. Сүлейменова

Салмақ бірлігін, ұзындықты, аумақты, сұйықтық көлемін және т.б. білдіретін өлшем атаулары, біздің көзқарасымыз бойынша, оқырмандардың оларға деген көңілін аударуға себеп болатын кейбір ерекшеліктерге ие. Істің мән-жайы бойынша, бұл бірліктердің көптеген атаулары – шет тілі термині үшін типті және олардың біріккен күйде таралуы реалия атануына негіз болады. Метрикалық жүйені барлық мемлекеттер қабылдаған жағдайда, өлшем реалияларының синхрониялық жоспары болмайды, себебі, бұл қазіргі заманғы тенденция. Өлшем реалияларының аудармасы жөніндегі сұрақтарды үңіліп қарастыру қажеттілігі мен оның әдеби туындыларға (ғылыми және техникалықтан басқа) түрлі айырмашылықтары бойынша жақындауы шартты болып келеді. Сондай-ақ кейбір жағдайда теориялық шешімі тұрақсыз болса, кейбір жұмыстарда аударма теориясы бойынша шешімі жоқ болып келеді.

Мұндағы кейбір негізгі жағдайларды қарастырайық:

1. Көптеген өлшем реалияларының кейбір әлсіз колоритінің және жуықталған мағыналары, сондай-ақ оның көркем бейнені қалыптастыру үшін қатысуы, яғни олардың санаға ғана емес, оқырманның қиялына да әрекет ететін функционалды ұқсастықтарының арқасында аударманы сәтті деп санауға болады. Мұндай шешім кезінде толық нейтралды алмасумен қамтамасыз етуге болады, ал қажет болған жағдайда тиісті ұлттық немесе тарихи бояумен алмасуды қамтамасыз етуге болады. Мысалы, «Олеси» батыры мазасыз Мануйлихудың көңілін аулау үшін «өзімен бірге жарты фунт шай мен бірнеше тілім қант алып жүрген». Аудармаға фунтты көшірудің еш маңызы жоқ, себебі мәтін колорит қатынасында сәтті шығуы екіталай. Шай салмағын 206,75 грамм негізінде беру, тіпті оларды 200г деп дөңгелектесе де, батыр оны сығымдалған күйде алып жүргендігі белгілі. Сол себепті мағынасы бар аударма үшін нейтралды түрде «қорап шай» немес «шай қорабы» деп

алуға болады. Әрине, аудармашы сол кезде шайдың қандай күйде сатылғанын алдын ала анықтап алу керек, мүмкін ол колоритті қораптың атауымен (ерекше реалияларды қолданбай-ақ) ғана жеткізуге септігін тигізеді.

2. Сан есімдермен және сандық сөздермен байланысты өлшем бірлігі кез келген мәтінде берілген арақашықтық, салмақ, көлем және т.б. туралы мәліметті тасымалдаушы болып табылады. Бұл мәліметті қабылдау үшін оқырман өлшемдердің нақты аумағын немесе ең болмағанда олардың жақын көрінісін білуі керек. Осыдан, оқырманға таныс емес өлшем бірліктері (реалиялар) қандай да бір жолмен аударылып, тіпті, аз көлемде болса да, оқырман оның заттық мазмұны жөнінде біле алатындай болуы қажет деген қорытынды шығаруға болады.

Барлық физикалық аумақтардың нақты саны анықтамаларда, энциклопедияларда және екі тілді сөздіктерде көрсетіле бермейді. Осыған орай, аудармашы бұл жөнінде ең болмаса жалпы мәліметтер білуі қажет. Жақсы аудармашы аударылатын кітап туралы, онда көрініс тапқан халықтың өмірі жайлы, оның мәдениеті мен тұрмысы туралы және әлбетте, бұрын қолданылған жүйе мен қазір әрекет ететін жүйе туралы көп біледі. Бірақ білу немесе тану үшін бұл жеткіліксіз. Мысалы, метрикалық жүйе туралы кейбір тарихи мәліметтер оқырманға түсініксіз анахронизмдерден аулақ болуға жол береді.

Метрикалық жүйе - көптеген мемлекеттерде ресми әрекет ететін жүйелердің ішіндегі кең таралған жүйе. Ең алғаш рет ол Францияда 1975 жылғы 7 сәуірдегі жарлығымен, Ресейде «метр, киллограмм, секунд» жүйесі 1875 жылғы ұлттық өлшемдермен қатар қолданылды, ал ресми түрде Қазан революциясынан кейінгі заңмен енгізілді (1918ж). Болгарияда түрік тепкісінен соң он жылдан кейін, яғни 1889 жылдан бастап әрекет етеді. АҚШ-та өлшемдер, килограмм, литр және т.б. ұлттық өлшемдермен қатар факультативті (бірақ мәтінде емес) қолданылады, ал басқа мемлекеттер қатарына қазіргі таңда енгізіліп жатыр немесе енді енгізілетін болады.

Мемлекеттер мен күні туралы осы барлық мәліметтер аудармашыға жалпы мәдениет үшін емес, ал қандай да бір мемлекетте, қандай да бір өлшемдермен мәтінге *анахронизмдер* мен *аналоцизмдер* енгізу қаупін алдын алу үшін енгізілді.

Өлшемдердің түрлі атаулары мен мазмұнына қатысты басқа да пайдалы мәліметтер бар. Мысалы, атауы түрлі халықтарға ортақ, бірақ көлемі бойынша әр түрлі өлшем бірліктері бар. XVIII ғасырдың аяғына қарай Еуропа мемлекеттерінде жүздеген футтардың ұзындығы, жарты жүздей түрлі мильдер, 120-дан жоғары фунттар (Бурдун 1979) есептелетін. Жеке алғанда, *миль* (латын тілінен аударғанда *milia passum* – жүздеген қадам) әр түрлі мемлекеттерде түрлі дәуірде 580 метрден 11 293 метрге дейінгі бірдей емес арақашықтықты білдірген. Олардың кейбіреулері төменде көрсетілген:

Египеттік метр = 580м

Ежелгі Грекиялық метр = 1481м

Ежелгі Римдік метр = 1481 м (DQ=1482)

Ағылшындық (кәдімгі) метр = 1524м

Жарғы бойынша метр (Ұлыбритания мен АҚШ-та) = 1609,344м

Халықаралық теңіз метрі (көптеген мемлекеттерде) = 1852 м (10 кабельдік)

Ұлыбританиядағы теңіз метрі = 1853,184м

Ежелгі Арабиялық = 1920 м

Географиялық (неміс) метр = 7420,44м

Орыс көне метрі = 7467,60 м

Шведтік метр = 10 000м

Ескі чехиялық метр = 11 200м

Мұндай қатынастарда *миля* жалғыз жағдай емес. Бәрімізге мәлім, ағылшындық *бушель* американдық *бушельмен* сыйымдылығы бойынша ажыратылады, ағылшын ширегінде 1,136 л, ал америкалықтарда 0,946 литрге тең (бұл мәліметтер, мысалы, шетел антифризін қолданатын және кезінде нөмірлерді санауға мәжбүр жүргізушілер үшін маңызды), яғни кез келген центнер 100 кг-ға тең емес.

Атауы бір, бірақ мазмұны әр түрлі өлшемдер бір мемлекеттің аумағында да болады. XVII- XVIII ғасырларда *шақырымды*, мысалы «500, 700 және 1000 шақырымдарды *сажынмен* анықтаған, сондай-ақ *сажынның* 1,95 метрден бастап 2,13 метрге дейін тербелуі мүмкін еді. *Шынтақтың* әр түрін санамағанда («толық емес шынтақ» немесе «сақина», «иван шынтағы» «люба шынтағы» және т.б.) минимум екі мөлшерді білдірді. Қытай өлшемі *ли* жағдайға байланысты (бірдей емес иегорлифтер) алтын мен күмістің салмағының бірлігіндей 0,33 мм немесе 576 метрге тең ұзындықтың бірлігі болуы мүмкін.

Тек бір ғана мемлекетте емес көптеген мемлекеттер бөлігінде атауы бір, бірақ мазмұны әр түрлі өлшемдер кездескен. 1971 жылы В.Матушкинның жазуынша, «Нью-Йоркте XX ғасырда әр түрлі футтардың, яғни нью-йорктік, бумвиндік, вильмбургтік және 26 қала аудандарының футтары қолданылған» [1].

3. «Бейне құралдары» болып табылатын термин ретінде нақты ғылымдарға тән өлшем бірліктері нөмірлер және белгілермен қатар, өнер тілінде де, соның ішінде көркем әдебиет бейнелерінде де кездеседі. Сол себепті реалиялық өлшемдер бейне тілдеріне түскенде бейнелетін фрагмент әрекеті туралы оқырманның қиялын қалыптастыруға арналған ақпаратты тасымалдау үшін ғана қызмет етпейді.

Мысалы, В.М.Гаршин пальманың ерекше биіктігін суреттеудің орнына оның бейнесін «Ол басқа өсімдіктердің бастарынан бес сажынға биік тұрды» деп нөмір бойынша суреттейді [2,88]. Дал осылай, А.И.Куприннің «Олеся» атты батыры қаладан алыс тұрғанына қарамастан, алшақтыққа «қалалық өмірден жүз шақырымда» деген тиісті өлшемдерді қолданғаннан кейін ол жақынырақ бола бастайды.

Мұндай «нөмірлік сипаттамаға» жазушылар өзінің кейіпкерлерінің бет әлпетін сипаттау үшін жиі сүйенеді. Олимпия дьяконының, «Анафема» батырын сипаттай келе, А.И.Куприннің айтуынша, онда таза салмақтың тоғыз жарым шамасындай пұт болған [3]. Олимпия әкесінің салмағы оқырманды онша қызықтырмайды, бірақ автордың сипаттамасының арқасында бұл әңгіме маңызды дьяконның зор даусымен қатар, алып денесі туралы нақты көрініске ие болады.

Келтірілген мысалдар әдеби туындыларда бейне жасау үшін кейбір ережелерді қолдануға жол береді. Нөмірлік көрсеткіштердің нақтылығы ғылыми-техникалық мәтінде маңызды рөл ойнамайды, тек ережеге сәйкес жақын болуы мүмкін. Сол себепті көркем мәтінде мағынасы бойынша ерекшеленетін «үш фунт», «бір аршын және одан да көбірек», «жартылай сажынға жетпес», «една-две оки», «до седем лакти», «a span or so», «more than two pounds», «etwa zwei Morgen», «fast drei Ellenlang», «environs dix arpents» өлшемдері бар.

Тіпті жақындық белгіленбеген жерде олардың тиісті айналымға сәйкес мөлшері, салмағы, ара қашықтығы, көлемі нақты түрде қабылданбайды, тек тұрақты ережеге сәйкес дөңгелектенеді. Сондай-ақ, өлшем реалияларының тура айналасындағы тығыз семантикалық ауызбірлігі бірден көзге түседі, жеке алғанда сан есімдермен: «жүз шақырымдарда» = өте алыс, «бес сажынға жоғары» = айтарлықтай жоғары, «толық екі жүз десятина» = өте үлкен аумақ және т.б.

Ақырында тағы бір реалия өлшемдерінің аудармасына қатысты қорытынды шығаруға болады: олардың жақын мағынасын басқа реалиялардан қарағанда қысқа мәтіннен алуға болады, яғни көркем бейне көбінесе бірліктерге тиісті нақты көлемсіз аса түсінікті болмайды. Мұны оқи келе, «біз толық 14 *тан* жерді өңдейміз» екенін, оқырман 1 *тан* қанша болатынын, бұл қай тілдің бірлігі екенін білуіміз мүмкін, бірақ оқырманға мәтінде аумақ өлшемі жөнінде айтылғаны және толық 14 танның өте көп екені белгілі. Дәл осылай автор жағалаудағы ең биік нүкте туралы былай жазады: «теңіз деңгейінде тек 50 *фут* қана», бірақ бұл өте аз.

Көркем мәтінде өлшем реалиялары кейде салыстырмалы түрде нақты саны мен мөлшерді білдіреді. Мысалы, «Наукас дәрігерлік кабинетке өтіп, десятиналық салмақты алаңда тұрды: фельдшер кітапта оның атының жанына 109 фунтты атап көрсетті. Келесі күні 107, ал үшінші күні 106 болды». Наукастың салмағы А.И.Куприннің Олимпия дьяконы салмағына қарағанда автордың көркем ойына сәйкес нақты көрсетілген. Әрине, егер түпұсқада ғылыми және техникалық әдебиеттер үшін құралдар - терминдер, сандық

материал, айқын нақты тұжырымдама қолданылса, аударма авторы дәл сол немесе осы тәсілдерді қолдану керек. Мұнда қарапайым тасымалдау кезінде жол берілетін өлшем реалиясының жақын немесе еркін алынған мөлшерлері сәйкес келмейді.

4. Бір өлшемді екі өлшеммен алмастыру кезінде колоритті, тарихи шындықты, ортақ тонды бұзып алудан аулақ болып, абайлап алмастыру керек. Мұндай алмастыруды әрдайым мәтінге сүйене отырып, термометр аясында өткізуге кеңес беруге болады. Мысалы, И.А.Гончаров өзінің «Фрегат “Паллада”» еңбегінде шыдамсыз ыстыққа шағымдана отырып, 20° немесе 23° температураны көрсеткен. Егер аудармашы мұны механикалық түрде өзінің мәтініне көшіретін болса, онда кез келген тілдегі аударма оқырманы «бұның несі ыстық?» деп таң қалатын болады. Осыған орай И.А.Гончаров температураны барлық жерде ұмытылған Реомюра шкаласы бойынша береді, яғни 23° бұл аз дегенде 30° [4]. Бір жағынан, Джек Лондонның солтүстік әңгімелерін оқып, 5° аяз деген түсініктерді кездестіргенде кез келген еуропалық (ағылшындарды қоспағанда) таң қалады. Бірақ бұл - оқырман, ал аудармашы Цельсия шкаласы бойынша 15° - өте суық болып саналатының білуі қажет, себебі Дж.Лондон Англия мен Америкада күні бүгінге дейін қолданылатын Франгейт шкаласын қолданады. Сол себепті оның оңтүстік әңгімелерінде 85°, яғни Цельсия бойынша 30°-дан жоғары болмайтын ыстықты кездестіруге болады. Мүмкін осы себепті, мұнда аудармашыға қиындықтар біраз өзге сипатта кездеседі. Бір шкаланы басқа шкаламен алмастыру (қайта санауға сәйкес) колоритті шатастытыруды аса қажет етпейді. 15° аяз - бұл өте төмен температура, ал оқырман бұл қатты суықтан алған әсерінен кейін оның қандай градуста өлшенгенін түртіп іздемейді. Бірақ бұл «нейтралды әсерге» жету үшін аудармашы, біріншіден, 100° C = 80° R = 212° F; 0° C және R = 32° F екенін; екіншіден, қашан және қайда шкала бойынша температура өлшегенін; үшіншіден мәтіннің мұндай алмастыруға мүмкіндігі бар екеніне сенімді болуы керек; төртіншіден, егер мүмкіндік болса, оны жеткілікті дәйекті түрде және нақты жасап шығу керек. Дәйектіліктен бас тарту қандай да бір функционалды ұқсастық негізінде ғана рұқсат етіледі.

Кейбір жағдайларда, реалияның өзі лексикалық бірлік ретінде мәтінде болмауы мүмкін, мұндай жағдайда берілген температура шкаласын қолданған кезде біз кейде «жасырын реалия» жайлы айтамыз. Сонымен, егер оқырманға мәтіннен транскрипцияланған өлшем реалияларының мағынасы жалпы алғанда ғана түсінікті болса, онда ол толыққанды реалиялық аударма болып табылмайды.

Қолданылған әдебиет

1. Матушкин В. Любаша. Полторацкий В. В родных краях. – М.: Московский рабочий, 1971. – 316 с.
2. Гаршин В.М. Рассказы. – М.: Машиностроение (Ленинградское отделение), 1980. – 320 с.
3. Куприн А.И. Повести и рассказы. – Северо-Западное книжное издательство, 1988. – 384 с.
4. Гончаров И.А. Фрегат Паллада. – М.: Сов. Россия, 1976. – 608 с.
5. Богословский В.Н. Джек Лондон – М.: Просвещение, 1964. – 240 с.

УДК 81.33

PHRASEOLOGICAL UNITS WITH COMPONENTS BAC/HEAD EXPRESSING MENTAL ABILITIES OF A PERSON IN THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

Zhumai Nurmira

nurmira.zh@yandex.ru

MA, Senior teacher of the General Linguistics and Translation Theory Department of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan